## Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын әскерге шақыру жасындағы азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қазан 1993 ж. N 1011. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.17. N 289 қаулысымен.

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын әскерге шақыру жасындағы азаматтарының жекелеген санаттарының осыған қосылған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осыған қосылған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыратын болсын.

*Қазақстан Республикасының Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 12 қазандағы
N 1011 қаулысымен
Бекітілген

## Қазақстан Республикасының әскерге шақыру жасындағы, бірақ әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын санаттағы азаматтарының Тізбесі

1. Кәсіптік-техникалық мектептердің және кәсіптік-техникалық лицейлердің оқушылары - оқу кезеңіне, ал осы оқу орындарын жұмысшы кәсібі бойынша тәмамдап, тау-кен өнеркәсібінде, жерасты жұмыстарында, металлургия өнеркәсібінің ыстық цехтарында, химия, мұнай-химиясы және мұнай өңдеу өнеркәсібінің өте зиянды цехтарында істеп жүрген түлектері - оқуын аяқтағаннан кейін мынадай мамандықтар бойынша жұмыс істеуі үшін - 1 жылға әскерге шақырудан кейінге қалдырылады:

**Көмір өнеркәсібінде**

тазарту забойының кен жұмысшысы
тік түсетін қабаттарда шойын балғамен жұмыс істейтін забойшы
жөндеу ісіндегі бекітуші
жерасты бұрғылау станогының машинисі
кен қазып шығаратын машиналардың машинисі
жерасты электровоздарының машинисі
проходкашы
жер астында істейтін электрослесарь
гидромониторшы

**Тау-кен және металлургия өнеркәсібінде**

скважина бұрғылаушы
шурфты бұрғылаушы
тазарту забойының кен жұмысшысы
бекітуші
тау комбайндарының машинисі
жүк тиейтін машиналардың машинисі
скреперлік шығырдың машинисі
жер асты кен жұмысшысы
электровоз машинисі
проходкашы
автоматика және бақылау-өлшеу приборларының слесары
электр жабдықтарына күтім жасайтын электр монтері
жабдықтарды жөндейтін кезекші электр слесары (слесарь)
жөндеуші слесарь
қалқан машинисі
қара металл өндірісінің бақылаушысы
металлургия өндірісінің кран машинисі
бір жерге жинайтын машина машинисі
домна пешінің газшысы
болатты үзбей құйып тұратын қондырғының операторы
мартен пешінің болат қорытушысының көмекшісі
электрпешінің болат қорытушысының көмекшісі
конвертор болат қорытушысының көмекшісі
ыстық немесе электр құйма әдісінің қалайышысы
ыстық прокаткалау станогын басқару постының операторы
ыстық прокаткалау станогының қақтаушысы
құбырды ыстық прокаткалау станогының қақтаушысы
ферроқорытпа балқытушысы
престеуші

кокс-химия өндірісінің аппаратшысы
кокс пешінің газшысы
тас қалаушы
шойын құюшы
балқытушы
титан және сирек металдар өндірісінің аппаратшысы

**Мұнай өңдеу, мұнай-химия, химия өнеркәсібінде**

химия өндірісінің кең профильді аппаратшысы
компрессор қондырғысының машинисі (насос қондырғысында жұмыс істей алатын)
үзбей шыны талшығын алатын оператор (таркату жұмыстарын істей алатын)
химия талшығын іруші
мұнай-химия өндірісінің кең профильді аппаратшысы
технологиялық қондырғыларды жөндейтін және күтім жасайтын слесарь
автоматика және бақылау-өлшеу приборларының слесары
каландр машинисі
шина қабын жинаушы
протекторлы агрегат машинисі
резина араластырып, балқыту машинисі
пресші-вулканизаторшы
технология қондырғысының операторы
аппаратура жабдықтарын жөндейтін слесарь

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.09.04. N 1085 қаулысымен .

2. Өзен және теңіз флотының, азаматтық авиацияның жұмысшылары мен орта буын мамандарын даярлайтын кәсіптік-техникалық лицейлердің және колледждердің оқушылары - оқу кезеңіне, ал осы оқу орындарын тәмамдаған түлектері - 1 жылға.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 23.05.1994 ж. N 553 , ҚР Үкіметінің 1996.09.04. N 1085 қаулыларымен.

3. Кәсіптік-техникалық мектептері мен кәсіптік-техникалық лицейлерінің тепловоздар мен электровоздар машинисінің көмекші профилі бойынша оқып жатқан оқушылары - оқу кезеңіне, ал осы оқу тәмамдаған орындарын түлектері - 1 жылға.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.09.04. N 1085 қаулысымен.

4. Спорт колледжерінің оқушыларын оқу аяқталғанға дейін, бірақ жасы 20-

дан аспауы керек.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.09.04. N 1085 қаулысымен.

5. Европа, Азия, Әлемдік және Олимпиялық ойындарға қатынасу үшін Қазақстан Республикасының негізгі және жастар командаларына кандидат болып енгізілген 25 жасқа дейінгі жекелеген әскерге шақырылатын спортшылар.

6. Толық орта білімі бар, 17 жасқа дейін жоғары білім жүйесінде жұмыс істейтін әскерлерде қызмет атқаратын мамандарды даярлайтын колледждерге қабылданған әскерге шақырылушылар - оқуын бітіргенге дейін, бірақ жасы 20-дан аспауы керек.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.09.04. N 1085 қаулысымен.

7. Қазатомөнеркәсіп - Маңғыстау атом энергетика комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жұмыс істейтін әскери қызметке шақырылған азаматтар осындағы жұмыс істеу кезеңінде мынадай мамандықтар бойынша: < * >

аккумуляторшы (барлық атаудағы)
аппаратшы, аға аппаратшы (барлық атаудағы)
ақау бақылаушы (барлық атаудағы)
мөлшер өлшеуші (барлық атаудағы)
айырушы (барлық атаудағы)
баллондар сынақшысы
газ кесуші
газ-электр пісіруші
кабельші-дәнекерлеуші
кварц үрлеуші
лаборант, аға лаборант (барлық атаудағы)
машинист, аға машинист (барлық атаудағы)
металдандырушы
оператор, аға оператор (барлық атаудағы)
әйнек үрлеуші
жылу беруші
электр-газ пісіруші (барлық атаудағы)
электр механигі (барлық атаудағы)
электр монтері (барлық атаудағы)
электр слесары (барлық атаудағы)
электрмен ерітіп құюшы
участке бастығы
ауысым бастығы (ауысым бастығының көмекшісі)

бөлім бастығы (бөлім бастығының орынбасары)
бөлімше бастығы(бөлімше бастығының орынбасары)
лаборатория бастығы (лаборатория бастығының орынбасары)
бюро бастығы
ауысымның аға бастығы
мастер (аға мастер, мастердің көмекшісі)
жетекші маман
инженер (аға инженер)
механик
технолог
энергетик
техник (аға техник)
энергетика диспетчері (аға энергетика диспетчері)
токарь (негізгі өндірістің)
слесарь (негізгі өндірістің)

Ескерту. 7-тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.09.19. N 1032, өзгерту енгізілді - 1995.07.24. N 1017, ҚР Үкіметінің 2003.08.19. N 829 қаулысымен .

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығында жұмыс істейтін әскерге шақырылатын азаматтар - онда мамандық бойынша жұмыс істеген кезеңге:

реакторды пайдалану мен сынақтар қызметінің инженері
сынақ бөлімінің инженері
технологиялық бақылау қызметінің инженері
радиациялық қауіпсіздік қызметінің инженері
сынақ бөлімінің инженері
реактордың технологиялық жүйелері және эксперименттік қондырғылар қызметінің инженері
электржылуэнергетика қызметінің инженері

Ескерту. Тізбе 8-ші тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.07.24. N 1017 қаулысымен.

9. "Үлбі металлургия зауыты" ашық тұрпатты акционерлік қоғамында жұмыс істейтін шақырылушылар мына мамандықтар бойынша:

аппаратшы (барлық атаудағы);
зертханашы (барлық атаудағы);
бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі(реттеуші);
жөндеуші-слесарь;
токарь (жұмыстың барлық түрінің);
электр монтері;
зерттеуші-инженер;

технолог-инженер;
физик-инженер;
химик-инженер;
бағдарламашы-инженер;
электрик-инженер;
технологиялық процесті басқару автоматтандырылған жүйесінің инженері;
топ жетекшісі;
шебер (аға шебер);

Ескерту. Тізбе 9-шы тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.06. N 9 қаулысымен .

10. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамының филиалдарында жұмыс істейтін әскерге шақырылатындар - оларда:
аппаратшы (барлық атаудағы);
оператор (барлық атаудағы);
машинист (барлық атаудағы);
бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика бойынша слесарь;
слесарь-жөндеуші;
каротажды станциялар моторшысы;
геофизикалық аппаратура реттеушісі;
электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр монтері;
жабдық жөндеу жөніндегі электр слесары;
электргаз дәнекерлеушісі;
механик;
электр механигі;
технолог;
геотехнолог;
инженер-механик;
инженер-геолог;
инженер-гидрогеолог;
инженер-геофизик мамандығы бойынша жұмыс істейтін кезеңге.

Ескерту. Тізбе 10-шы тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.15. N 642 қаулысымен .

11. Репатрианттар (оралмандар) арасынан Қазақстан Республикасының шақырылу жасындағы азаматтары Қазақстан Республикасының аумағына келгеннен кейін үш жыл бойы.

Ескерту. Тізбе 11-шы тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.06.30. N 896 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК